



## ҚАЗАҚ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫНА ЖАҒАНДАНУ ҮРДІСІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Калипа Т. Атемова\*

### Абстракт

Ата-бабаларымыздың өмір сүрген мекені Қазақстан топырағындағы халықтардың отбасылық тәрбие дәстүрлерін білу мен оны сақтау бүгінгі ұрпақтардың азаматтық міндеті болмақ. Бұл әсіресе, бүгінгі жаһандану жағдайындағы әлемдік дәстүрлер мен өмір сүру салтының ортақ құндылықтармен толығып, ұлттық құндылықтардан алшақтап бара жатқан заманында аса бір сұранысы артып отырған жағдай. Сондықтан, бұл мақалада казак халқының тарихи қалыптасуындағы тәлімдік дәстүрлері мен оның отбасы жағдайында ұйымдастырылу қағидаларының ғылыми негізде болғандығы кеңінен баяндалады. Қазақ халқының отбасы дәстүрлері мен оның дамуына жаһандану үрдісінің ықпалы сипатталып, салдары нақты көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** Отбасы, Тәрбие, Жаһандану, Қазақ Отбасылық Дәстүрлер, Тәрбие Қағидалары.

## KAZAK AİLE TERBİYESİNİN ÖZELLİKLERİ VE ONUN GELİŞMESİNE KÜRESELLEŞME SÜRECİNİN ETKİSİ

### Özet

Atalarımızın yaşadığı yer Kazakistan toprağındaki halkların aile terbiye geleneklerini bilme ve onları koruma bugünkü neslin vatandaşlık görevidir. Özellikle, bugünkü küreselleşme devrindeki uluslararası gelenekler ve yaşam tarzının ortak değerlerle artan, milli değerlerden uzaklaşmaya devam eden süreçte son derece önem arz etmektedir. O yüzden, bu makalede, Kazak halkının tarihi kalıplaşmasındaki terbiye geleneklerinin oluşumu ve onun ailedeki düzenleme kurallarının bilimsel temelini var olduğu genişçe belirtilmektedir. Kazak halkının aile gelenekleri ile onun gelişimine küreselleşme sürecinin etkisi tasvir edilerek, nedenleri tamamen gösterilecektir.

**Anahtar Kelimeler:** Aile, Terbiye, Küreselleşme, Kazak Aile Gelenekleri, Terbiye Prensipleri.

## THE PECULIARITIES OF KAZAKH FAMILY UPBRINGING AND THE EFFECT ON GLOBALIZATION TO ITS DEVELOPING

### Abstract

Our ancestors lived in Kazakhstan and to know, to preserve our ancestors' traditions are very important to our generation and it will be their civic duty. According to the globalization of world traditions and life tradition support with common value, it will be the main demand of nowadays. So, this article is devoted to the Kazakh nation's historical formation of educational traditions and its organization in family principles on the basis of science. Kazakh nation's family traditions and its developing in global system, it shows direct results.

**Keywords:** Family, Education, Globalization, Kazakh Family Traditions, Educational Principles.

\* Педагогика Ғылымдарының Докторы, Проф., Қожа Ахмет Ясауи Атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті, kalipa\_atemova@mail.ru

## Кіріспе

Қазақ халқының тәрбие дәстүрлері негізінен отбасында жүзеге асып келген. Қазақ халқының шығуына тоқталатын болсақ, 6-шы ғасырға дейін қазақтар тәңірлік дінді ұстанған. 6-шы ғасырдан бастап ислам дінін тарату үшін елге миссионерлер келе бастады. Орта Азияға арабтар ислам дінін енгізе бастағанда кең далада емін-еркін көшіп-қонған түрік тайпалары арасында кейбір тайпалар өмір салты бойынша ерекшеленіп тұратын. Дінді уағыздау үшін келген миссионерлер көшпелі халыққа күштемей - ақ ислам дінін енгізу жағын қарастырды. Оларға қазіргі қазақ халқын құраған сол кездегі кейбір түрік тайпаларының ұстанған діні исламға көп жағынан жақын болып көрінді. Сөйтіп, тәңірлік шаман дінін оңай ығыстыруға болады деп сенді және оларды күштемеді. Сол себепті де олар бұл тайпаларды “һаза хақ” - “һазак” (бұл арабша сөзден аударғанда - “бұл дұрыс, жолы дұрыс” деген мағынаны білдіреді) деп атады[1]. Содан барып, “қазақ” деген термин қалыптасып кетті деген дерек бар. Өйтсе де, ұзақ дәуірлер бойы ислам діні қазақтардың ежелгі тәңірлік кезеңнен келе жатқан әдет-ғұрыптарын ығыстыра алмады. Бұл дәстүрлер бүгінгі күге дейін қалпын бұзбай сақталып, қолданылып келеді.

Қазақ тайпалары арасындағы әдет-ғұрыптар қоғамның заң нормаларының бірден-бір реттегіші рөлін атқарып келген. Өйткені, қазақтар әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты басқа халықтарға қарағанда томаға - тұйық өмір сүрді. Сол себепті де тек қазақи, өзіндік идеологияны ұстанды. Екіншіден, әдет – ғұрыпқа негізделген заң нормалары жалпы қазақ қоғамына ғана тиістілік сипатқа ие болды. Өйткені, туыс - туыстарымен ру - ру болып көшіп - қонған қазақтарда “ру намысы” анағұрлым күштірек болды.

Қазақ халқы көшпенді, ізгілікті өмір салтын ұстанды. Себебі, көшіп қонуда қиындық туғызатын болғандықтан олар рухани байлықтан басқа ештеме жинамады. Атап айтқанда қазақтар зәулім үй салмады, мүліктік дүние жинамады, сонымен қатар өзгенің байлығына көз салып қызғаныш білдірмеді. Ол үшін соғыс ашып, таласпады да. Қазақ халқының осындай ізгілікті отбасылық өмір салты туралы көптеген шетел ғалымдары қызығушылық танытып, зерттеулер жүргізген. Материалдық байлықтан көрі рухани құндылықтарды жоғары бағалаған халқымыздың дүниетанымы өте тереңде жатты. Қазақтардың бар мүлкі көшкенде өздерімен бірге алып жүретін киіз үйі мен оның жабдықтары және алдындағы малы болды.

## 1. Қазақ халқының киіз үйінің жабдықтары мен оның философиялық астары

Қазақтың киіз үйінің жабдықтары аспан денелерінің қозғалу және орналасу заңдылықтарымен сәйкес келеді. Күмбез тәрізді болып келген киіз үйдің төбесіндегі шаңырақ: күн сәулесімен төгілген күннің шығуын бейнелейді. Киіз үйдің ішіндегі жеті тұрмыстық заттар планеталық жұлдыздырды сипаттайды [2, 90 б.]. Үйдің шаңырақтан шыққан әрбір уықтары күннің сәулесін бейнелейді. Ал уықтардың дөңгеленіп, айнала бекітілуі, аспан денелерінің айналу траекториясына ұқсайды. Жер және оның нақ ортасында қазан асылып, оттың жанып тұруы да аспан денелерінің күнді айнала қозғалуын суреттегендей. Киіз үйдің сүйегі берік және серпінді болып келетін, Қазақстанның көптеген аудандарында өсетін, оңай табылатын талдан жасалады, сондықтан киіз үйді жығып, тігу өте

ыңғайлы және оңай. Үйдің сыртына қойдың ең сапалы жүнінен басылған киіз жабылады. Ол үйді жазда күн көзі жаңбырдан, қыста жел мен аяздан сақтайды [3].

Киіз үйдің тозған басқа бөліктері ауыстырылғанымен, шаңырақ ешқашан ауыстырылмайды. Ошақта жанған оттың түтінінен шаңырақтың түсі күнгірттеніп, қап – кара түске боялады. Сондықтан да ұрпақтан ұрпаққа берілетін шаңырақ *қара шаңырақ* деп аталып кеткен. Шаруамен кіріп – шығуға ғана келген адам міндетті түрде шаңырақты сыйлап, тізе бүгуі тиіс болған. Наннан ауыз тию дәстүрі де осыдан қалған [4, 21 б.].

Сізге үй иесінің дұрыс көзқарасы табалдырықтан қалай аттағаныңызға байланысты болады. Егер сіз басыңызды иіп, табалдырықтан оң аяқпен аттасаңыз – онда, сіздің үй иесіне деген құрмет көрсеткеніңіз, ал, керісінше жасасаңыз - ар – намысына нұсқан келтіріп, қорлағаныңыз. «Әдептің басы - сәлемдескеннен» деп халқымыз айтқандай, алаңғасарлықтан және мәдениетсіздіктен осындай әрекетке ұшырап қалмау үшін табалдырықты биік, ал маңдайшаны әдейі аласа етіп жасайды. Табалдырықты аттай салысымен, тіпті киіз үйде ешкім болмаса да, Ассалаумағалейкум! - деп амандасу керек. Бұл тәрбиеліліктің белгісі.

Төр – киіз үйдегі ең құрметті орын. Үй иесі табалдырықты аттаған қонақты «Төрге шығыңыз», «Жоғары шығыңыз» деген қошеметпен қарсы алады. Қонақ неғұрлым сыйлы, қадірлі болса, ол соғұрлым жоғары отырғызылады. Ертеде киіз үйдің есігі шығысқа қаратылып тігілген. Сонда Күннің алғашқы шапағаты киіз үйдің тура төріне түскен.

Киіз үйдің сол жақ бөлігі әйелдер жағы деп есептеледі. Бұл – отбасылық бөлік. Мұнда сүйекті немесе күмісті тақтайшалармен әшекейленген үй иесінің ағаш төсегі тұрады. Қонақ қанша құрметті болса да, оған үй иелерінің төсенішін пайдалануға болмайды. Үй иелерінің көрпесі немесе жастығына тиіскен жағдайда бақ тайып, жанжал шығады, күйзеліске ұшырайды деп санаған. Киіз үйдің оң жақ бөлігі ерлер жағы деп аталған. Әкесінен әлі бөлініп шықпаған болса, ұлы мен келінінің немесе қызының төсегі төрдің оң жағында, үй иелерінің төсегіне симметриялы етіп орналастырылады. Оларға жібек шымылдық құрылады.

Үйдің бұл жартысы қонаққа арналады. Ересек ұлдары жеке отау құрып шығып, кенже ұл әкесінің орнын басады. Қыз да - қонақ, күйеуге шыққан соң басқа үйге кетеді. Сондықтан қызды «Қонақ», немесе «Оң жақта отырған қыз» деп атайды. Үйдің ортасында үш аяқты ошақта Қазан тұрады. Бұл – үйдегі ең киелі орын. Отбасы дегеніміз - оттың бастау алатын орны. Қайда от болса, сонда өмір, тіршілік бар. Мұнда киіз үйдің ішіндегі талаптар мен ережелер қазақ тайпаларының өзіндік мәдениетін қалыптастырып, отбасы тәрбиесінде ұштасып отырды.

## **2. Қазақ отбасы тәрбиесіндегі жар таңдау мәселесі**

Қазақ отбасы тәрбиесі жар таңдаудан басталады. Жігіт өзіне қалыңдықты жеті атадан тыс елден іздейді. Қазақ халқы салауатты өмір салтын ұстанған, қаны таза текті халық. Оның дәлелі жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрімен байланысты. Жеті ата - әкесі, атасы, бабасы т.б. осылай жеті атасына дейінгі ұрпақтың тізбегі.

Осы тұста Әділ Бек Қаба өзінің «Қаның таза ма, бауырым» деген мақаласында қазақтың жеті атаға дейін қосылмауының нәтижесі әрбір рудың 500 жылдан кейін ғана үйленуге рұқсат етілетіндігіне алып келетінін дәлелдейді. Осы 500 жылдың ішінде қанның тазаланатыны соншалық, оның құрамында әу бастағы генетикалық - туыстық белгілерден ештеме қалмайтынын, қалса да жекелеген ерекшеліктері ғана сақталуы мүмкін дегенді айтады[5].

Соған қарамастан, ол қандас туыстық байланыстан қашудың үш негізгі қажеттілігін атап көрсетеді. Оның біріншісі, **генетикалық жағы** дейді. Қазіргі ғалымдардың айтуынша, көптеген аурулар (су қараңғы, ақыл - есі кемістігі, жүрек, бүйрек, сүйек, қан тамыры т.б.) генетикалық жолмен тұқымнан тұқымға беріліп отырады. Егер әлдебір аталас, рулас өз ішінен емес, сырттан қаны бөлекке үйленбесе, әлгі ру тұқым, қан арқылы берілетін ауру мен кемістіктерден азып, жойылып, азғындап кетуі мүмкін, Ал тұқымға келген жаңа “донор” яғни бөтен елден алған келін қанды жақсы жағына өзгертіп, жаңартып отырады.

Екіншісі, **медициналық жағы** деп көрсетеді. Бұл бір кіндіктен туылған адамдар немесе аталас ағайындар қыз алысқанда олардан туған балалар әртүрлі аурулармен туылуы мүмкін. Бұдан қашудың немесе алдын алудың бірден - бір жолы бөтен елден қыз алу.

Үшіншісі, **ұлттың тұтастығы**, өзіндік ерекшелік белгісі, тұтастық жағы дейді. Оны дәлелдейтін мысал әлемде өзінің қаны бір бауыр екенін 500 жылға дейін жақсы білетін қазақтан басқа ешқандай ел жоқ дегенді айтады. Тіпті, жеті атаға дейін қан тазалығын сақтау түркі тектес халықтардың бәріне де тән емес. Мысалы, түрік, ұйғыр, өзбек, татар және т.б. халықтарының өз аталастарына құда түсіп, үйленіп жататындығын жақсы білеміз. Яғни мұндай дәстүр тек қазақ халқына ғана тән. Сондықтан да бүкіл бір ұлтты бір – біріне бауыр, ағайын етіп отырған да осы қазақтың осы дәстүрі. Территориясы жағынан бір бірінен алшақ орналасқан жерден келген адамдар рулас болып шықса олар ағалы інілі немесе туыстар болып саналады. Бұл халықты біріктіреді яғни ұлт тұтастығын орнатады.

Осы тұста жеті атаға толғаннан кейін руластардың үйленуіне бола ма деген сұрақтың туындауы орынды. Мұндай жағдайда, сол рулар жеті атаға толып кеткендігін есептеп, ара жігін ажыратып дәлелдеп беретін ауыл ақсақалдары болған. Олар Алланың алдындағы ақиқатын нақтылап есептеп, бүкіл рудың басын қосып қандай рулардың қыз алысуына болатынын дәлелдеп, ақ боз бие сойып, ресми түрде рұқсат еткен екен.

Міне, осылайша қазақ халқы отбасын құрудың ірге тасын жар таңдаудан бастаған. Қазақ халқының отбасылық тәрбие міндеттерінің ішіндегі ең құндысы деннің саулығы. Оны “Бірінші байлық денсаулық, екінші байлық ақ жаулық, үшінші байлық он саулық” деген мақалы дәлелдейді.

Дені сау, текті, тәрбиелі үйдің қызына үйлену әулеттің болашағын жарқын ететінін есте ұстаған бабаларымыз, балаларын текті жердің қыздарына үйлендіру үшін жекжат іздеген. Бұл тұжырымдар қазақ халқының ақындары мен жыраулары көзқарастарында жиі айтылады. Мысалы, Бұқар жырау жар таңдаудағы текті мен тексіз отбасының қызына үйленудің нәтижесін былайша суреттейді: *«Жал құрығы қаба деп, Жабыдан айғыр салмаңыз! Қалың малы арзан деп, жаман қатын алмаңыз! Жабыдан айғыр салсаңыз, жауға шабар ат тумас. Жаман қатын алсаңыз, топқа кірер ұл тумас. Жаман қатын алғаның- тең құрбысы келгенде, оңды жасауға қата алмай, жалғанда қор болғаның.* Осылайша

Бұқар жырау жастарға өсиетін айтарда отбасы тәрбиесінің бастау алар көзі жар таңдауда текті ұл тауып беретін тәрбиелі де көргенді үйдің қызына үйленуді кеңес бере отырып, оның тектілігі алған тәрбиесімен байланысты анықталатынын тұжырымдайды. Өйткені, текіден текті перзент өмірге келеді деп біліп, бала жасында қанша қиқар немесе тентектік жасағанымен түбінде ата-бабалар тегіне тартпай қоймайды дегенді айтады. Ал, қазақта баланың жақсы болмағы нағашыдан деген де түсінік қалыптасқанын білеміз. Сондықтан тәрбиелі үйдің қызына үйленуге талпынған. Бұл туралы ұлы Абай атамыз: «*“Жасаулы деп, малды деп байдан алма, кедей қызы арзан деп құмарланба, Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, ата - ананың қызынан қапы қалма”*», - деп жастарға тәрбиелі үйдің қызынан қапы қалмауын кеңес берген болатын».

### **3. Қазақ халқының мінез-құлқы ерекшеліктері**

Қазақ халқының мінез - құлқының өзіндік ерекшелігі бар. Қазақстандық ғалым Д.Кішібековтың тұжырымдауы бойынша оны төмендегіше көрсетуге болады[6]:

1. Қазақ халқы табиғатынан қарапайым. Мінезі де ең даласындай кең, жазық, ашық, жайдары.

2. Қазақ кімнің кім екенін бір ауыз айтқан сөзінен байқаған. Сөзге аса мән берген.

3. Қазақтың түсі суық емес, жайдары, беті ашық, бас киімін көзіне түсіріп кимеген.

4. Қазақ кекшіл емес, кең пейілді халық. Кең болсаң, кем болмайсың деген қағиданы ұстанған. «Өле жегенше, бөле же», - деген сияқты ол барын басқалармен бөлісіп отырған. Өзі сондай болған соң, өзгелерден де соны күткен, қазақ сараңдықты ұнатпаған.

Осындай кеңпейілділіктің арқасында бүгінгі күні Қазақстанда 130 ұлт тату тәтті өмір сүруде. Олар Ұлы Отан соғысы жылдарында жер ауыстырып қоныстанған, кейіннен сіңісіп тұрақтап қалған халықтар. Олар осы күнге дейін қазақ халқына ризашылығын білдіріп, қиын қыстау заманда көрсеткен мейірімділігі мен қамқорлығы үшін алғыстарын жаудырып айтып отырады.

Енді қазақ халқының бала тәрбиесіне келетін болсақ, ұрпақ тәрбиесі ана құрсағынан басталған.

Қазақ ғалымдарының этнопедагогикалық зерттеулері бойынша отбасы тәрбиесі мына төмендегідей бағыттарда жүргізілетіндігін көрсетеді: құрсақ тәрбиесі; бесік тәрбиесі; қыз бала тәрбиесі; ұл бала тәрбиесі; келін тәрбиесі; ер азамат тәрбиесі деп жүйеленген.

### **4. Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлердің негізгілері**

Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлердің негізгілеріне тоқталып өтейік:

**4.1. Құрсақ тәрбиесі.** Ана құрсағындағы бала қалыпты өсуі үшін қажетті тамақтану мен таза ауада дем алу, көңілді жүруге жағдай жасау барлық халыққа тән. Қазақ халқында баланың ана құрсағында пайда болғаннан жарық дүниеге келгенге дейін жасалатын

салт-дәстүрлер барі. Олар құрсақ той немесе құрсақ шашу деп аталады. Көптеген ырымдар мен сенімдер қалыптасқан.

**4.2. Кіндік кесу.** Қазақ халқы туылатын баланың кіндік шешесін алдын ала тағайындап, оған дайындалады. Әрбір адамның мінез - құлқы кіндік шешесіне тартатыны өмірде дәлелденген ақиқат. Неліктен бұлай деген сұраққа ғалым Ғ.Ә.Ақпанбек былай жауап береді: «Бұрынғы кезде аяғы ауыр әйелдің босанар мезгілін асыға күтетін адамның бірі – болашақ кіндік шеше болған. Кіндік шеше болу мәртебесі кім көрінгенге берілмейді. Жаны таза, ақкөңіл, мейірбан, шарапаты мол адам таңдап алынады да, оған арнайы ертерек ескертіледі. Кіндік шеше болу үшін тіпті бәсекелестер шығып, кейбірі өкпелеп, ренжіп те жататын болған. Адамның бойынан тарайтын толқын әркімде әртүрлі деңгейде болады. Жарық дүниеге келген нәрестенің денесіне (кіндігіне) алғаш қолы тиетін кіндік шешенің бойындағы толқын нәрестеге өтеді. Яғни, толқын қуаты қалыпты жағдайдағыдан жоғары болады. Нәресте қабылдап алған толқын оның келешек өміріндегі өзіне ғана тән болатын ерекшелігі бар қуат (энергия) көзі болып табылады. Біртіндеп дами келе балаға өз жұртынан, нағашысынан ауысқан қасиеттерге кіндік шешенің қасиеттері қосылады. Баланың мінез - құлқының, қимыл – қозғалысының негізгі ерекшеліктерінің кіндік шешеге тарту себебі осы деп түйін жасайды ғалым [7, 15 б.].

**4.3. Сәбиге ат қою.** Қазақ ырымшыл халық. Өмір есігін жаңа ашқан *нәрестеге жақсы ат қою* маңызды деп біледі. Ислам дінін қабылдағаннан кейін халқымыз кітап ашып аттар қоюға көп көңіл бөлген. Бірде пайғамдарымыз өзінің бір сахабасымен кездесіп, одан: «*Атың кім?*» - деп сұрапты. Ол: «*Хузн (яғни қайғы)*», - дегенде Мұхаммед пайғамбар: «*Сенің атың – Сахл (мағынасы «жеңілдік») болсын*», - депті. Сахаба: «*Жоқ. Әкем қойған атты өзгертпеймін*», - деп өлгенше сол атпен жүріпті. Ал Хузнның баласы кейін: «*Әкем қойған атын өзгертпеді. Біз ешқашан қайғыдан құтылмадық*», - деген екен[8].

Бұдан шығатын тұжырым бала атына тартады яғни балаға берілген ат оның тағдыры мен болашағына әсер етеді деген түсініктің қалыптасқандығын дәлелдейді. Сондықтан халқымыз нәресте дүниеге келгенде әрқашан оған мағыналы да көркем ат қою ата - ананың парызы деп білген.

**4.4. «Шілдеhana»** баланың дүниеге келу құрметіне жасалатын мереке. Қазіргі уақытта ол баланың қырқынан шығарылу күнімен бірге атап өтіліп жүр. Ол күні қонақтар шақырылып, сый-сияпаттар таратылады. Бала қырық қасық суға шомылдырылады. Суға алтын, күміс әшекейлер салынады, шомылдырып болған соң судағы әшекейлер қонақтарға таратып беріледі.

**4.5. Бесік тәрбиесі.** Жаңа туылған баланың 4-5 күн өтіп, кіндігі түскен соң бесікке беріледі. Бесікке салу баланың болашақ өмірін бағдарлаудың маңызды ғұрпы болған. Ата-ана бар асыл тілектері мен армандарын бала бесікте жатқанда әуендетіп, бесік жырымен санасына сіндіріп отырған.

**4.6. Тұсау кесер.** Мұнда бала жүре бастағанда тұсау кесер тойы өткізіледі. Бұл дәстүрдің астарында баланың алғашқы қадамы құтты болсын, үлкен өмірде жолы болып, өмір белестерінен сүрінбей өтсін деген астарлы ой жатыр. Мұнда да елдегі сыйлы, өмір жолы сәтті де өнегелі тұлғалар таңдалып, баланың тұсауын кеседі[9].

Қазақта бұдан да басқа бала тәрбиесіне қатысты салт-дәстүрлер баршылық. Солардың қатарында тілашар, сүтдет той, атқа мінгізу, құда түсу және т.б. бар.

Қазақ халқында қыз тәрбиесін тиімді ұйымдастыру арқылы отбасы тәрбиесін іске асыру көзделеді. Өйткені, әйел-бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген қағиданы ұстанған халқымыз әйелі жықсы үйдің тәрбиесі де жақсы болатынын білген. Сондықтан, қазақ халқы «Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, әдептіліктің, сұлулықтың белгісі ретінде қолданған. Барлық жақсылық атаулысын қыздармен байланыстырып сипаттаған. Мысалы, «Қыздың жиган жүгіндей», «Қыздың тіккен кестесіндей», «Қыз – елдің көркі, гүл – жердің көркі», «Мінезі қыздай», «Қызы бар үйдің – қызығы бар» және т.б. қазақ отбасы тәрбиесіндегі қыз бала тәрбиесінің орнын ерекше бағалаған. Қазақ қыздары мен әйелдері ешқашан беттерін бүркемелеп жаппаған, әйел балалары мен ерлер араласып тең құқылы жүрген, қонақ күтуде әйелдер қатысқан, тіпті төрелік айтуда да әйелдер дауысқа ие болған.

Қазақ балаларды ұрыспаған және ұрмаған. Әсіресе, әкесі қыз балаларын ренжітетіндей сөз айтып, көңілін қалдырмауға тырысқан. Қазақта әкесі қызына қол көтерсе, қызы бақытсыз болады деген түсінік бар. Әсіресе, қонақтың, бөтен адамның көзінше баланы ұрсу не дауыс көтеріп айқайлап сөйлеу өрескел қылық болған. Осы тұста қазақта: «Қонағын сүймеген, баласын ұрады, не үйін сытырады» деген мақал айтылады.

Қазақ отбасы тәрбиесі белгілі бір принциптерге негізделіп ұйымдастырылған. Соған тоқталып өтейік[10].

## 5. Қазақ отбасы тәрбиесінің басты принциптері

**5.1. Тәрбиедегі үлкенге құрмет принципі.** Қазақта қай жерде болсын ең алдымен адамның жасына қарай сый құрмет көрсетілген. Қазақ қоғамында үлкен кісілер отырмайынша жастарға отыруға болмайды. Бұл әсіресе дастархан басында отырғанда ерекше назарда болатын жағдай. Үлкен кісі түрегеп тұрғанда, жастардың отыруы да әдептілікке жат.

Қазақ халқының этикет салттары бойынша үлкендер сөйлегенде сөзді бөлуге де болмайды. Үлкендердің айтқан өтініштерін бұлжытпай орындау жастарға міндет болып саналған. Халқымыз: «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар», «Үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без, апа тұрып сіңлі сөйлегеннен без», «Ағаға қарап іні өсер, апаға қарап сіңлі өсер» деп тегін айтпаған. Дастархан басында отырғанда дәмнен ауыз тиюді бастау ең алдымен үлкен ер адамдерға тиесілі деп түсінген, егер ер азаматтар арасында ересек болмаса, онда үлкен әйел азамат бастайды. Тек содан кейін ғана жастар табаққа қол салады.

Қазақ халқының дастархан басында тамақтану дәстүрінің өзі үлкен тәрбие мектебі десе болады. Олай дейтін себебіміз, біз жоғарыда қарастырған қазақ балаларының үлкенді сыйлау дәстүрі мен қарттардың жастарға өнегесінің тамаша көрінісі осында байқалады. Қонаққа әдетте қой сояды, табаққа мүше - мүше мал етін салып, рет - ретімен таратады. Үлкен кісіге – бас, жамбас тартылса, күйеуге тоқпан жілік, төс қойылады, балаларға құлақ, сирақ, бүйрек, келіншектерге таңдай, тіл беріледі және т.б. Осы тұста бала тәрбиесіндегі үлгі етерлік қазақ халқының тағы бір тамаша дәстүрі - ересектер тарапынан дастархан басында еттен балаларға өз сыбағаларын үлестіріп, дәм татқызудың да үлкен

мәні бар. “Жақсы сөз жарым ырыс” деп ырымдаған қазақ баллардың қабілет ерекшелігін болжай отырып, оларға тіл, көз, құлақ, сирақ секілді мал мүшелерін үлестіргенде: “Көзің қырағы болсын” деп көздің етін, “Құлағың түрік жүрсін” деп құлақ етін, “Тілің сайрап, шешендікке жет” деп тіл етін, «Аяғың жүйрік болып, жортқанда жолың болып жүрсін» деп қой тұяқтарын, “Ақылың тасысын” деп қой миынан ырымдап беріп отырған. Бұл әрбір жасөспірім бала үшін болашаққа жолдама батасын алғандай әсер етіп, оларды ізгі мұраттарға жетелеген.

**5.2. Тәрбиенің ізгіліктілігі принципі.** Қазақ халқының сыйласу дәстүрі оның қонақ-жайлылығынан көрінеді. Сондықтан, отбасындағы бар жақсы қонаққа ұсынылады.

Қазақ халқының түсінігінде отбасына келген барлық жақсылық, ырыс, құт қонақпен бірге келеді деп түсіндіріледі. Сондықтан қазақта қонақ арнайы шақырумен де, шақырусыз да келе беретін болған.

Қазақ халқындағы әрбір жолаушының кез-келген ауылға түсіп қонақ болып, емін - еркін келуінің тағы бір себебі бар. Ол турлы ғалым А.Сейдімбет өзінің “Қазақ әлемі” деген еңбегінде “бөлінбеген енші” туралы түсіндереді [11, 126 б.]. “Енші” сөзі байырғы түркі тілінде “инчу” деп аталса, мұның өзі “мұра” деген мағынаны береді екен. Қазақ тілінің “Түсіндірме сөздігінде”: “Енші - атаның балаға жеке үй болғанда бөліп беретін малы, мүлкі”, - делінген.

“Бөлінбеген енші” - әрбір отбасының кез-келген қонаққа берер қонақасы. “Әкенің балаға қалдырар немесе бөліп берер мұрасының белгілі бөлігі міндетті түрде қонаққа тиесілі бөлінбеген енші деп есептеліп, ол екінші ас-дәм түрінде берілетін болған. Мұның өзі кез-келген қазақ отбасы үшін айнымас салт- дәстүрге айналған. Яғни дала халқының осынау салт-дәстүрі үй болып шаңырақ көтерген кез-келген отбасы үшін бұлжымайтын моральдық - этикалық қалып түрінде қалыптасқан. Сахара жолаушыларының кез-келгені жолай ұшырасатын үйде өзіне тиесілі бөлінбеген еншісінің барына алаңсыз сеніп, өзін еркін сезініп босағадан аттағаны сондықтан.

**5.3. Тәрбиенің халықтығы принципі.** Қазақ ауылында бала тәрбиесіне бүкіл ауылдың үлкендері, әсіресе қарттары араласқан. Үлкендер ауылдастарының балаларының өрескел мінез - құлқын көрсе, оны ұрсып, тыйым салуға, ақыл айтуға құқылы болған. Дәстүріміз бойынша жастар оларға қарсы келуге құқы болмаған.

Қазақ халқы үшін халықтың пікірі мен көзқарасы маңызды болған. Өзінің әрекеті мен шешімдерінде «жұрт не дейді», «көпшілік қалай қабылдайды» деген секілді ойлар адам мінезі мен әрекетінің таразысы немесе сыншысы рөлдерін атқарған.

Қазақ халқы отбасы тәрбиесінде қашан да баланың жас және дара ерекшеліктерін ескере білген. Бұған «*Бес жасқа дейін баланды патшаңдай күт, бестен он үшке дейін құлыңдай жұмса, ал он үштен кейін құрдасыңдай сырлас*» деген халық даналығы дәлел болады. Себебі, он үш жастан кейін «*балаларды он үште отау иесі*» деп санап, физиологиялық жағынан балалардың ересектерден айырмашылығы онша алшақ болмайды деп санаған, олардың пікірімен санасып, ересектік өмірге баулып отырған. Ал жас ерекшелік кезеңдерді ескере отырып қазақта беске толмаған балалардың еркелік қылықтарын «*ақылы кірген соң өзі қояды*» деп үлкен түсіністікпен қараған.



**5.4. Тәрбиедегі ұрпақтар сабақтастығы принципі.** Қазақ отбасы тек қана ер, әйел және балаларынан ғана емес, үлкен отбасыларынан тұрған яғни әкесі мен анасы, үйленген ұлдары, қажет болса үйленген немере - шөберелері, былайша айтқанда “ата балалары” бірге тұрған, оларды әкелері басқарған. Оларды мұндай бірігуге мәжбүр еткен жалпы экономикалық мүдделері ғана емес, сол секілді қандастық-туыстық, намыс бірлігі деп ұғуымыз керек.

Қазақ халқының отбасындағы тәрбие дәстүрлері ұрпақтар сабақтастығы негізінде тамаша ұйымдастырылып келген. Оның дәлелі мынадай әңгімеден көрінеді: «Өзінің маңдай терімен тапқан еңбек ақысын үшке бөліп отырған бір кісіден оның мән жайын сұрағанда, ол: «бір бөлігін қарызыма берем, ал, екінші бөлігін қарызға берем, үшінші бөлігі ғана өзімдікі» деп жауап беген екен. Бұл мысалдың астарында қазақ халқының тарихи дамуында қалыптасқан өмір салтының көрінісі жатыр. Үш ұрпақтың: «ата - әке - бала» арасындағы қарым- қатынастың біртұтастығы мен тәрбиелік өнеге сабақтастығы арқылы отбасы тәрбиесінің тиімді түрде іске асуы сипатталып тұр. Өйткені, әрбір ата-ана өзінің баласына берген тәрбиесіне қарай оның жемісін көрсе, өздерін өсірген ата-аналарына құрмет көрсету балаларының парызы болып саналмақ. Осындай қарыздар мен парыздар арқылы үш ұрпақ арасындағы тәлімдік өнеге қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы өз жалғасын тауып келді.

**5.5. Қазақ отбасы тәрбиесінің дінмен байланыстылығы принципі.** Қазақ халқы балаларына ар ождан тәрбиесін берген. Ол халықтың салт-дәстүрлері негізінде жатқандықтан, тұрмыс тіршілігі барысында қалыптастырылған. Қазақ халқы барлық әрекеттерін Алланың бақылауында деп таразылаған. Ешкім көрмесе де, естім естімесе де тура жолдан таймау ар ожданның тазалығы деп ұққан. Сондықтан қазақ халқы есікке құлып салмаған, қарауыл қоймаған. Барлық адам ар ождан алдында жауап берген, бәрін де Алла көріп, біліп тұр деп адамгершіліктен таймаған.

## **6. Қазақ отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері**

Сонымен, қазақ отбасы тәрбиесінің өзіндік *ерекшеліктерін* жоғарыда қарастырған тұжырымдарға сүйене отырып төмендегідей етіп көрсетуге болады:

1. Қазақ отбасындағы тәрбиенің бірінші ерекшелігі *үлкенге құрмет* көрсетудің басты қағида болғандығы.

2. Қазақ отбасы тәрбиесінің *екінші ерекшелігі* оның халықтық сипат алуында. Мұнда тәрбие ауыл қариялары мен ересек адамдар, көрші - қолаң, тума - туыс, құрбы - құрдастар және т.б. тарапынан да жүзеге асырылған.

3. Қазақ отбасы тәрбиесінің *үшінші ерекшелігі* оның ізгіліктілігінде. Отбасындағы әрбір әрекет, қазақ ауылындағы қарым - қатынас, ұлттық мерекелер мен салт - дәстүрлер барлығы да тек баланы ізгілікке баулуға мүмкіндік жасайды. Мысалы, “Наурыз”, “Айт”, “Ораза”, “Асар”, “Қол ұшын беру” және т.б. дәстүрлер мен мерекелік жиындар.

4. Қазақ отбасы тәрбиесінің *төртінші ерекшелігі* оның табиғатпен тікелей байланыстылығында. Өйткені, қазақ халқының тәрбиедегі ықпал ету құралдарының бәрі де баланы қоршаған табиғатпен байланысты қарастырылады.

5. Қазақ отбасы тәрбиесінің *бесінші ерекшелігі* оның дінмен байланысты ұйымдастырылуында. Өйткені, баланы жастайынан бір бақылаушы күштің бар екендігіне сендіру арқылы оның барлық іс - әрекеттерін тек әділдік пен адалдыққа бағыттап отырған.

6. Қазақ отбасы тәрбиесінің *алтыншы ерекшелігі* оның жеке - даралығында. Себебі, ұл балалары мен қыз балалары үшін амандасудан бастап, отыру, жүріс - тұрыс, мінез - құлық, күлу, қарым - қатынас және т.б. көптеген ерекшеліктер оның тәрбиесінде ескеріледі.

7. Қазақ отбасы тәрбиесінің *жетінші ерекшелігі* оның тұтастығы мен кешенділігінде. Қазақ бала тәрбиесінде ұл мен қызды тәрбиелей отырып, келін және көрші балаларын да тәрбиелей білген. “Қызым саған айтам, келінім сен тыңда” деген айдардың аясында тұспалдап айта отырып, тәрбиеде жанамалап ықпал етуді меңгерген халық болған.

### **Қорытынды**

Әйтсе де, бүгінгі қоғамда болып жатқан өзгерістер мен жаһандық құбылыстар тәрбиенің өзегі болған отбасы тәрбиесі дәстүрлерінің өзгеруіне ықпал етуде.

Қазақ халқы бүгінге дейін көптеген даму сағыларынан өтті. Соның бір белесі қазақ халқының Ресейге қосылуы болды. Ол еуропаға жол ашып, халықтың біршама сауаттануына ықпал еткенімен, ұлттық дәстүрлердің біртіндеп жойылып кетуіне себепкер болды. Кеңес Одағы кезінде ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мен дамытуға талпыныс жасау ұлтшылдықтың көрінісі ретінде қабылданып, қазақ халқының көптеген зиялы перзенттері саяси құрбандыққа ұшырап кетті. Осы жылдарда бұрынғы кеңес одағындағы туысқан мемлекеттердің ішінде ең көп зиялы азаматтарынан айрылған халық – ол қазақ халқы болды. Кейіннен еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана біртіндеп халық өз перзенттерін ақтап алды. Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған ең алғашқы мемлекет Түркия елі болды.

Қазақстан мемлекеті тәуелсіздікке жеткеннен кейін тәрбие мақсаты ұлттық бағытты ұстанды. Тұңғыш ұлттық тәлім-тәрбие тұжырымдамасы қабылданып, тәрбие міндеттері ұлттық бағытта айқындалды.

Тәрбиедегі басты міндет дені сау ұрпақты тәрбиелеу деп анықталды. Екінші міндет ұлттық сананы қалыптастыру деп айқындалды. Өйткені, қазақ тілі отбасылық қарым-қатынас шеңберінде ғана қолданылып, ғылым тілі, ұлтаралық қарым-қатынаста аясы тарылып кетті. Содан кейін ғана рухани ойлау дәрежесі биік азаматтарды тәрбиелеу деп жалғасып кететін міндеттер тізбесі қойылды. Бұл халқымыздың ұлттық құндылықтарын ескерген тұжырымдамасы болды.

Бүгінгі қоғамның дамуына сәйкес отбасына деген көзқарастарда өте маңызды өзгерістер орын алды. Нарықтық қатынастың талаптары экономикалық фактордың мәнін күшейте түсті. Қоғамның дамуында біз еуропалық тәрбие дәстүрлерінің ықпалына көбірек бой алдырдық. Нәтижеде қазақ отбасының бейнесі, тәрбие болмысы едәуір өзгеріске ұшырады. Әсіресе бүгінгі отбасына жаһандану үрдісінің ықпалы ерекше әсерін тигізді. Оларды мынадай бірнеше белгілермен сипаттап көрсетуге болады:

- біріншіден, қазақ халқындағы ұрпақтар сабақтастығының бұзылуы. Себебі, жас отбасыларының көбісі ата-аналарынан бөлек жеке тұрады. Бұл отбасындағы тәрбиенің ұйымдастырылуына екі жақты ықпал етеді. Біріншіден, жас отау иелері ерте өзбетінше өмір сүруге бейімделсе, екіншіден, отбасындағы ұрпақтар сабақтастығы үзіледі. Отбасындағы ересектер немере қызығынан шектеліп, жас отбасылары бала күтімі мен отбасы өмірін дәстүрлі тұрғыда ұйымдастыру бойынша көмек арудан шектеледі. Шын мәнісінде халқымызда отбасы тәрбиесі ұрпақтар сабақтастығы негізінде жалғасын туып келген. «Қариясы бардың қазынасы бар» деп ұққан халқымыз ересектер кеңесіне құлақ асып, тәлімдік әрекеттерді ұйымдастырған. Жас отау иелерін отбасылық қарым-қатынас пен бала күтіміне байланысты әртүрлі дәстүрлер мен талаптарға үйретіп отырған. Тіпті болмағанда отбасылық өмірге баулып, кейіннен еншісін беріп бөлек шығарған. Сондай-ақ, қазақ отбасы тәрбиесі бір шаңырақтың астында өмір сүретін бірнеше ұрпақтың өзара ынтымақтастығы негізінде ұйымдастырылатын тамаша ұрпақтар сабақтастығы арқылы жүзеге асырылып отырған.
- бүгінгі отбасына тән тағы бір ерекшелік, отбасыишілік қарым-қатынаста демократиялық үрдістің белсенді байқалуында. Яғни мұндағы қарым-қатынаста ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың бір-бірінің алдындағы міндеттерінен көрі, автономиялық құқықтары мен бостандығы басым көрінеді. Мұнда дәстүрлі отбасыларына қарағанда демократиялық отбасыларындағы ерлі-зайыптылар бір-біріне моральдық-психологиялық тұрғыда талаптарды (өзара түсінісу, көңіл аудару сыйлау, қамқорлық көрсету, қолдау, шыдамдылық таныту секілді) жоғары қояды.
- отбасы дамуының тән тағы бір ерекшелігі ажырасу фактілерінің үйреншікті құбылысқа айналуы. Ұлттық болмысымызға тән тәрбиенің халықтық сипат алуы күшін жойып, қоғамдық пікір бойынша да ажырасу құбылысы проблемадан шығудың бір жолы ретінде қарастырылуымен байқалады. Нәтижеде, жалғыз басты аналар, толық емес отбасылары және т.б. типтері көбейіп барады.

Қазақта жер дауы мен жесір дауы болған. Ұрпақ тәрбиесі жесір дауының оң шешім табуы арқылы реттеліп отырған. Жесір қалған келіндерін еліне қайтармай әмеңгерлікке қайындарына қосқан. Оның себебі, біріншіден, жетімдердің болмауын қамтамасыз еткен. Яғни ұрпақ тәрбиесін қараусыз қалдырмаған. Екіншіден, артында қалған мал-мүлікке ие болып қалу үшін сол отбасы мүшелері сол әулетте қалдырылған.

- бүгінгі отбасы тәрбиесіне тән тағы бір ерекшелік отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас пен өзара мейірімділіктің жеткіліксіздігі. Ата-аналар күні бойы үйде болмағандықтан, бала тәрбиесі назардан тыс қалады. Ата-аналар мейірімі ақшалай, заттай, материалдық қамтамасыз етумен толықтырылады. Мұндай отбасыларында рухани жақындық жетіспейді, керісінше материалдық қамқорлық шектен тыс мол болады. Осы орайда біз бала отбасындағы мейірімділіктің аздығынан ғана зардап шекпейтіндігін, оның ұшан теңіз молдығынан да зардап шегетіндігін естен шығармауымыз керек. Себебі, мейірімділікті аз көрген бала жасық, тұйық, ұяң, өзіне сенімсіз және т.б. болып өссе, мейірімділікті молынан көрген бала жалқау, өзімшіл, тақапар және т.б. болып өседі.

- Бүгінгі отбасы тәрбиесінің тағы бір қыры - көптеген отбасыларында бала күтушінің жалданып жұмыс істейтіндігі. Ата-бабаларымыздың ұлағатты өсиеттерін еске алатын болсақ, бұл табиғатымызға, қала берсе тәрбиемізге жат дәстүр дер едік. Түріктің ұлы ғұламасы Ж.Баласағұн, әрбір ата-ана баласын өзге жерде емес, баласын өз үйінде тәрбиелеуі тиіс деп атап көрсеткен болатын. Себебі, ерте елден кеткен бала отбасы мен туыстарына суық болып қалыптасады деп түйеді. Бізде бүгінгі күні бала өз отбасында тәрбиеленгенімен бөтен адамның тәрбиесі мен мейірімін алып өседі[12].

Бүгінгі күні Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның өсіп өркендеуі мен ұрпақ тәрбиесінде көптеген жаңа идеяларды көтеріп жатыр. «Ұлттық мұра» мемлекеттік бағдарламасының негізінде елімізде ұлттың көне мәдениетін зерттеу мен қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Жыл сайынғы Президенттің Қазақстан Халқына Жолдауларында жаһандық және ұлттық құндылықтарды қатар алып жүру мен интеграциялық бірлікте іске асыру шаралары ұсынылып келеді.

Отбасылық тәрбие дәстүрлері жаһандану талаптарына сай жаңа мазмұнға ие болғанымен, ұлттық салт-дәстүрлеріміз жаңғыртылып, барған сайын бұқаралық сипатқа ие болуда. Бұл қуантарлық жағдай, әрине.

Бүгінгі жастар ғылымның жетістіктерін барынша пайдалана біледі және мамандық сатысында өсу мен жетілу жоспарларын нақтылы қоя біледі. Әйтсе де, отбасы өмірін ұйымдастыруға барлығы қабілетті бола бермейді.

Жоғары оқу орындарында болашақ маман даярлауда оқытудың инновациялық технологияларын пайдалануға барынша жағдай жасалады, бірақ олардың отбасы өмірін ұйымдастыруға қаншалықты қабілетті болып шығуына мән берілмейді. Сондықтан, университет қабырғасында маман даярлағанда оларды жан-жақты қалыптастыру үшін тәрбие кешенді ұйымдастырылғаны жөн деп білеміз. Ол үшін оқу жоспарының таңдау компонентіне отбасы педагогикасы пәнін ендіру қажет. Сонда ғана студенттер өз балаларын тәрбиелеу мен отбасы өмірін ұйымдастыруда қажетті ақпараттар алып, сауатын жетілдіріп шығады.

Жоғарыда қарастырылған мәліметтерге жүгіне отырып ойымызды тұжырымдасақ, қазақтың біртуар перзенті М.О.Әуезовтың «Ел болам десең, бесігінді түзе!» деп айтқанындай әрбір дүниеге келген бала тағдырын мемлекеттік деңгейде отбасылық тәрбие жағдайында іске асыруды ойластыруымыз керек[13].

Қазақ зиялыларының бірі М. Жұмабаев өзінің педагогикалық еңбегінде ата-аналарға бала тәрбиесінде мынадай кеңес береді: “Ата-аналар балаларын дәл өзіндей етіп тәрбиелемеуі керек, одан да күшті етіп тәрбиелеуі тиіс, себебі олардың өмір сүретін заманы ата-аналардың заманына қарағанда әлдеқайда талапшаң болмақ”[14]. Сондықтан, кез-келген маманның ата-ана болары анық, сондықтан оларды кәсіби даярлаумен қатар жеке өмірін ұйымдастырудың жолдарын үйрету жоғары оқу орнында қарастырылуы тиімді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Ақпанбек Ғ. Ә. Халық дәстүрлерінде ғылыми негіз бар ма? // «Ақ желкен». – 1995. –№ 1. –Б.14-15.
- Асқаров Б. Сәбиге ат қою. // Ислам және өркениет. –2005. – № 7 (55), шілде. – 11 б.
- Атемова Қ. Т. Бүгінгі қазақ отбасы тәрбиесінің әлеуметтік-педагогикалық мәселелері. «Ұлттық тәрбие» журналы. -Алматы, 2011. -Б.41-45.
- Атемова Қ. Т. Түркі халықтарындағы отбасы тәрбиесі дәстүрлерінің қалыптасуы. Монография.–Алматы: «Қазақ университеті» баспаханасы, 2009. – 328 б.
- Әділ бек Қаба. Қаның таза ма, бауырым // Жас Алаш. – 2002, 16-сәуір. – - Б.-1-3.
- Әуезов М. О. Дәстүр және жаңашылдық диалектикасы //Ақиқат. – 1996, 1- қаңтар.
- Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана - тілі, 1992. - 160 б.
- Кішібеков Б. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. -Алматы: Ғылым. - 1999. - 200 б.
- Қазақтың киіз үйі. Әлемнің ұлттық бейнесі. // Құрастырушы: Қайырбеков Б. - Алматы, 1998. - 80 б.
- Қалыбекова А. А. Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы.-Алматы: БАҰР,2011.-488б.
- Маргулан А. Х. Казахская юрта и ее урбанство //В кн. Мир казаха. - Алматы, 1997. – С. 45 - 55.
- Маргулан А. Х. Мир казаха. - Институт развития казахстана, Международный фонд им. Алькея Маргулана. - Алматы, 1997. - 57 с.
- Өсеров Н., Естаев Ж. Ислам және казактардың әдет - ғұрыптары. - Алматы: Қазақстан, 1992. - 150 б.
- Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. - 464 б. sayfa 229

## BİBLİYOGRAFYA

- Aqpanbek, Ğ. Ä., *Halıq Dästürlerinde Ğılımiy Negiz Bar Ma?*, Aq Jelken, 1995, № 1. s. 14-15.
- Asqarov, B., “Säbiyge At Qoyuw”, *İslam Jäne Örkeniyet*, № 7 (55), Şilde 2005, 11 s.
- Atemova, Q. T., “Bügingi Qazaq Otbası Tärbiyesiniñ Älewmettik-Pedagogiykalıq Mäseleleri”, *Ultıq Tärbiye Jurnalı*, Almatı 2011, s. 41-45.
- Atemova, Q. T., *Türki Halıqtarındağı Otbası Tärbiyesi Dästürleriniñ Qalıptasuwı*, *Monografiya*, Qazaq Universiteti Baspahanası, Almatı 2009, 328 s.
- Ädil Bek Qaba, “Qanıñ Taza Ma, Bawırım”, *Jas Alaş*, 16, Säwir 2002, s. 1-3.
- Äwezov, M. O., *Dästür Jäne Jañaşıldıq Diyalektikası*, 1. Qañtar, Aqıyqat 1996.
- Jumabayev, M., “Pedagogika”, *Ana Tili*, Almatı 1992, 160 s.

- Kişibekov, B., *Qazaq Mentaliteti: Keşe, Bügin, Erteñ, Ğılım*, Almatı 1999, 200 s.
- Margulan, A. H., “Kazahskaya Yurta i ee Urbanstvo”, *V Kn. Mir Kazaha*, Almatı 1997, s. 45 - 55.
- Margulan, A. H., *Mir Qazaha*, İnstitut Razvitiya Kazahstana, Mejdunarodnıy Fond İm., Alkeya Margulana, Almatı 1997, 57 s.
- Öserov, N., Eštaev J., *İslam Jäne Qazaqtardıñ Ädet, Ğurıptarı* Almatı 1992, 150 s.
- Qalıbekova, A. A., *Qazaq Halıq Tärbiyesiniñ Asıl Murası*, BAUR, Almatı 2011, 488 s.
- Qazaqtıñ Kiyiz Üyi, Älemnıñ Ultıq Beynesi*, Quraştırıwşy: B. Qayırbekov, Almatı 1998, 80 s.
- Seydimbek, A., *Qazaq Älemi*, Sanat, Almatı 1997, 464 s.